

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Шет ел капиталын пайдалану жөніндегі комитет туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 10 мамыр N 633. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.08.20. N 1033 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің жанынан Шет ел капиталын пайдалану жөніндегі комитет құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 наурыздағы N 2097 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Шет ел капиталын пайдалану жөніндегі комитеттің (бұдан әрі - Комитет) орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес қызметкерлердің шекті санына қарай 66 адам болып бекітілсін (үйді күзететін және қызмет көрсететін адамдарсыз).

2. Комитетке төрағаның 3 орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасарын, сондай-ақ 11 адамнан алқа ұстауына рұқсат етілсін.

3. Комитеттің қызметкерлеріне "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдарының лауазымдық жалақылары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 14 сәуірдегі N 474 қаулысында көзделген еңбек ақы төлеу шарттары қолданылсын (1-кесте).

4. Комитет Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен, Қаржы министрлігімен және Экономика министрлігімен келісілген Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Шет ел капиталын пайдалану жөніндегі комитет туралы ережені Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің бекітуіне ұсынатын болсын.

5. Комитеттің өз қызметкерлеріне жүктелген міндеттерді орындаған кезде шет тілін білетіндігі және қолдана алатындығы үшін олардың лауазымдық жалақыларына 30 процентке дейінгі мөлшерде үстеме төлеуіне рұқсат етілсін.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Комитеттің аппаратын ұстауға қажетті қаржы, сондай-ақ жиһаз, жабдық, көлік құралдары мен ұйымдастыру ісінің техникасын алуға жыл сайын қаражат бөлуді қарастырсын.

7. <*>

Ескерту. 7-тармақтың күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.06.12.

N 813 қаулысымен.

8. Комитет төрағасының лауазымы көлік, медициналық және тұрмыстық

қызметін көрсету шарттары жөнінен министрдің лауазымына, ал Комитет төрағасы орынбасарларының лауазымдары-министр орынбасарларының лауазымдарына теңестірілсін.

9. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Комитеттің төрағасын, оның орынбасарлары мен басқарма бастықтарын үкіметтік байланыс арналарымен, сондай-ақ қажетті мөлшерде телефон, телефакс, телекс байланысымен, оның ішінде халықаралық байланыспен бірінші кезекте қамтамасыз ететін болсын.

10. Комитет бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Шет ел инвестициялары жөніндегі Ұлттық агенттігінің Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан және соның тапсыруымен қол қойылған келісімдерден туындайтын халықаралық міндеттемелері бойынша құқылы мұрагерлігі туралы ұсыныс енгізсін.

11. Комитеттің аппараты үшін қызмет бабындағы 5 жеңіл автомобиль лимиті, оның ішінде 4 жеңіл автомобиль лимиті Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің қызмет бабындағы жеңіл автомобильдері лимитін қысқарту есебінен белгіленсін.

12. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі белгіленген тәртіппен 4 жеңіл автомобильді Комитетке беретін болсын.

13. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Комитетпен

бірлесіп бір ай мерзімде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдерін "Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің жанынан Шет ел капиталын пайдалану жөніндегі комитет құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 наурыздағы N 2097 Жарлығына және осы қаулыға сәйкес келтіру жөнінде ұсыныс енгізетін болсын.

14. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Алматы қаласында Комитет қызметінің ерекшелігін ескере отырып, оны орналастыратын үй бөлу мәселесін тездетсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 10 мамыр
N 633 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті
жанындағы Шет ел Капиталын пайдалану жөніндегі комитеттің
орталық аппаратының
Құрылымы

Басшылық

Стратегиялық жоспарлау және инвестицияларға жәрдем беру

Тікелей шет ел инвестициялары басқармасы

Капитал нарығының басқармасы

Сыртқы көмекті үйлестіру басқармасы

Жобаларды жүзеге асыруды үйлестіру басқармасы

Аппарат жұмысын ұйымдастыру жөніндегі басқарма